ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.А.ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
МЕНЕДЖМЕНТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ КАФЕДРАСЫ

***Лекция тақырыбы:***

# Мемлекеттік реттеу нысандарының жалпы сипаттамасы.

Мамандық аты, шифры: **5В051000 –Мемлекеттік және жергілікті басқару**

**5В050700-Менеджмент, 5В050600 – Экономика,**
**5В050800- Есеп және аудит, 5В050900 - Қаржы**

**Пән оқытушысы: Дандаева Б.М.**

**ТҮРКІСТАН 2017ж.**

# Қарастырылатын сұрақтар




1. **Экономиканы мемлекеттік реттеуді ұйымдастыру механизмдерін қалыптастыру.**
2. **Мемлекеттің дәстүрлі және жаңа қызметтері.**
3. **Әкімшілік-құқықтық реттеу .**
4. **Экономикалық реттеу.**
5. **Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды ұйымдастырушылық-құқықтық қамтамасыз ету.**

## ***Лекцияның мақсаты мен міндеттері:***

Мемлекет, құқық және экономиканың өзара қатынасын қарастырғанда экономиканы мемлекеттік реттеу және мемлекеттің іс-әрекет механизмдер мәселесі маңызды орынға ие. Бұл мәселе теориялық және тәжірибелік мәнге ие.

Отандық және шетелдік әдебиеттерде мемлекеттің атқаратын рөліне үлкен мән берілген. Бұл кездейсоқтық жағдай емес, елдің экономикалық даму нәтижесі оның көбінесе атқаратын қызметіне байланысты экономиканы мемлекеттік реттеудің қолданылатын механизмдерімен түсіндіріледі.

# Елдің экономикалық даму нәтижесі

көбінесе атқаратын қызметіне байланысты экономиканы мемлекеттік реттеудің қолданылатын механизмдерімен түсіндіріледі.



# Мемлекеттік реттеуді ұйымдастыру



## ***Мемлекеттік реттеу қызметтері***

***нарықтың тиімді құрылуы***

*нарықтық шаруашылықтың қызмет етуінде құқықтық базаны қамтамасыз ету қызметі, нарықтық ортада ең басты қозғалыс күші ретінде бәсекені ынталандыру және қорғау қызметі жатады*

***меншікті нарықтық реттеуші іс-әрекетінің қосымшалығы мен түзетілуі***

*табысты қайта бөлу, ресурстарды бөлуді жасау, экономикалық өсуді ынталандыру және экономикалық тұрақтандыру қамтамасыз ету қызметі жатады.*

## ***Мемлекеттік реттеудің формалары***

***саяси реттеу***

*Саяси реттеу формасы тек саясат аумағында мемлекеттік реттеу формасы ретінде қарастырылады*

***«Заңды-әкімшілік» реттеу***

*мемлекеттік органдардың тәжірибелік қызметінде әртүрлі нормативті актілерді шығару арқылы әкімшілік жүйеде басқару бойынша жүргізеді*

# Мемлекеттік реттеудің перспективалық схемасы



# Мемлекеттік реттеу механизмі (1 саланы мысалмен)



## ***Экономиканы мемлекеттік реттеудің әдістері***

*Тікелей реттеу әдістері*

*экономикалық процестердің өзіне және оның шамасына әсер етумен байланысты.*

*Жанама реттеу әдістері*

*адрессіз, бірақ барлық шаруашылық субъектілері үшін міндетті болып табылады.*

## *Нарықты реттеу әдістері*

| *Тікелей реттеу әдістері* | *Жанама реттеу әдістері* |
|---|---|
| *Мемлекеттік сатып алу және тапсырыстар жасау* | *Салықтық саясат* |
| *Лимиттерді бекіту* | *Несиелік саясат* |
| *Орталықтандырылған күрделі қаржы жұмсау* | *Ақша саясаты* |
| *өндіріс салалары мен кәсіпорындарға бөлінетін мемлекеттік жәрдем қаржы бөлу* | *Амортизациялық саясат* |
| *Баға мен табысты реттеу* | *Ресурстарды пайдалану шарттары мен ақысын реттеу әдістері* |


Фискалдық саясат
Несие – ақша саясаты
Негізгі экономикалық реттеу құралдары
Бағаны және табысты реттеу саясаты
Әкімшілік реттеулер

*Бұған ең алдымен мемлекеттік сатып алуды көбейту немесе азайту жатады* → **Фискалдық саясат**

*несиенің пайыздық ставкасын өзгерту, ашық нарықтағы операциялар және т.б* → **Несие – ақша саясаты**

*мемлекет баға мен табыстардың өсуінің жоғарғы шегін белгілейді* → **Бағаны және табысты реттеу саясаты**

*қоғамдық пайдалану салаларына бақылау шаралары, тәртіпті сақтауға бағытталған бақылау істер кіреді* → **Әкімшілік реттеулер**

# Әкімшілік әдістерге мыналар кіреді:

экономика секторларын, жеке кәсіпорындарды мемлекеттік қаржылай қолдау, әлеуметтік сфераны қаржыландыру, ғылыми-техникалық, экологиялық және басқалай мемлекеттік бағдарламаны дайындау арқылы құрылымдық дағдарысты ескерту мақсатымен макроқұрылымдық қозғалысты және т.б.



# Қаржылай қолдау құралдары

## Дотация

мемлекет жүйесі нен қайтарымсыз тәртіпте берілетін ақшалай құрал. Мемлекеттік кәсіпорындар, ұйымдар және мекемелерге беріледі.

## Субвенция

бюджеттен мақсатты шығындарды қаржыландыру үшін әкімшілік-аймақтық құрылымға қайтарымсыз бөлінетін тұрақты мемлекеттік қаржы мөлшері.

## Субсидия

Субсидия субвенцияға қарағанда мақсатсыз қолдану немесе қолданбау жағдайында қайтарылмайды.

Мемлекет
тарапынан кәсіпкерлікті
қолдау қағиадалары

***Протекционизм***
**шағын кәсіпкерліктің жеке өзі мемлекеттің көмегінсіз ірі бизнеске бәсекелестік жасау үшін көп жағдайда өндірісті ұйымдастыруға қабілетсіз екендігін білдіреді.**

**Бағдарламалық мақсаттық тәсілдерді ісіне асыруына байланысты осыған сәйкес мемлекеттік әртүрлі бағдарламалар түрінде шағын бизнеске көмек көрсету болып табылады.**

## *Кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу жүйесінің қалыптасу бағыттары*

- *Кәсіпкерліктің қызмет етуі мен дамуын құқықтық қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыру*
- *кәсіпкерлікті қолдау мен қаржылық қамтамасыз етуді қалыптастыру*
- *Кәсіпкерлікті, кадр даярлау бойынша жүйені, маркетингтік орталықтарды, құруды қарастыратын тұтастай кәсіпкерліктің инфрақұрылымдық жүйесін қамтамасыз ету*

# Мысалы шет мемлекеттерінде кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау бағыттарын

**АҚШ**

•Техникалық (оқыту және кеңес беру);
•Қаржылық қолдау;
•Келісім шартты орналастырудағы көмек;
•Арнайы және инновациялық бағдарламалар;
•Әкімшілік бағдарламалар.

**Ұлыбритания**

•Техникалық (ақапарт, оқыту, кеңес берулер, талдау);
•Қаржылық қолдау;
•Келісім шарттарды орналастыруда көмектесу;
•Арнайы және инновациялық бағдарламалар;
•Ақпараттық желілер.

**Жапония**

•Тұрақтандырылған көмек;
•Инновациялық шаралар;
•Техникалық көмек;
•Модернизация және технологиялық даму;
•Экспортты қолдау.

# Барлық шағын кәсіпкерлікті қолдаудың әдіс тәсілдер мазмұны мен бағыты бойынша екі үлкен жіктелім тобына бөліп көрсетеміз:

1. ***мазмұны бойынша мемлекеттік реттеу*** ұйымдық-басқарушылық; экономикалық және институционалды түрдегі әдістермен жүзеге асырылады.
2. ***бағытталуы бойынша мемлекеттік реттеу*** тікелей және жанама ретінде іске асырылады.



## *Мазмұны бойынша ұйымдық-басқарушылық әдіс*

бұл шектерді анықтау үшін қолданылатын әдістерді айтамыз. Мұндай әдісте қызметтің белгілі бір стандарттарын белгілеу арқылы кәсіпкерлік қызметті реттейді. Ал, ықпал етудің экономикалық әдістеріне мемлекеттің мүдделеріне негізделген әдістері кіреді. Оған несиелік қаржы, салық саясаты, дотациялар, субсидиялар және т.б. жатады. Ал, институционалдық әдістерді қолдану шағын бизнес инфрақұрылымын және оған сәйкес басқару органдарын қалыптастырады.

**осыған байланысты мына бағыттар бойынша бөліп қарастыруға болады:**

- шағын және орта кәсіпорындарға көмек көрсету
- кәсіпкерге қаржылай қолдау көрсету
- кәсіпорындарды басқарудың тиімді жүйесін құруда көмек көрсету
- бизнеске мемлекет тарапынан қолдау көрсету
- тиісті салық жүйесі мен басқа да реттеуші тетіктер арқылы кәсіпкерліктің белсенділігін арттыруды ынталандыру
- қоғамда кәсіпкерлік ортаны құру жүйесін ұйымдастыру.



# Мемлекеттік қолдаудың маңызды түрлері келесі элементтерден тұрады:

1. жобаларға жеңілдетілген мақсатты несиелер;
2. салықтық жеңілдіктер;
3. коммерциялық несиелер бойынша кепілдік беру;
4. жабдықтау лизингінде көмек беру; инновациялық қызметте қолдау, тегін және жеңілдетілген ақпараттық ресурстар;
5. ғимараттық жеңілдіктер жалға беру;
6. шағын кәсіпкерлік нормативті-құқықты қолдауы; тіркеу, лицензиялау және т.б. процедурасын жеңілдетілуі



**Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар**

**1-деңгейдің сұрақтары**

1. Мемлекеттің дәстүрлі және жаңа қызметтерін атаңыз.
2. Экономикаға мемлекеттің тікелей және жанама әсер ету нысандарын анықтайтын жағдайларды көрсетіңіз.
3. Экономиканы реттеу құралдарын анықтаңыз.

**2-деңгейдің сұрақтары**

1. Қазақстандағы жекешелендіру үдерісінің мәнін ашып көрсетіңіздер.
2. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу мен қолдаудың жүйесін анықтаңыз.
3. Экономиканы мемлекеттік реттеуді ұйымдастыру механизмдерін көрсетіңіз.

**3-деңгейдің сұрақтары**

1. Әкімшілік пен экономикалық реттеудің өзара байланысын мысалмен түсіндіріңіз.
2. Мемлекетпен кәсіпкерлікті қолдауды ұйымдастыру жолдарын ашып көрсетіңіз.
3. Әкімшілік-құқықтық реттеудің қажеттілігін мысалмен түсіндіріңіз.

**Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:**


1. Жеткіншек Ж. Экономиканың мемлекеттік реттелінуі. Орал, 2001
2. Государство и бизнес под ред. Мамырова Н.К. – Алматы, 2003.
3. Қадыр Д. Кәсіпкерлікті қолдауды жалғастырамыз //Президент және Халық.-2009.-24 сәуір(№16) – 2б.
4. Сәбден О. Шағын кәсіпкерлікті басқару. Алматы, 2009 ж.
5. Бибатырова И.А. Государственное регулирование национальной экономики. Алматы, «Қазақ университеті», 2004.
6. Дж.Ю.Стиглиц. Экономика государственного сектора. М: МГУ. – 1997.
7. Мырзалиев Б.С., Шеденов Ө.Қ., Жүнісов Б.А., Тұрғанбаев М.Ә. Экономиканы мемлекеттік реттеу. Алматы «NURPRESS» 2014. – 272б.
8. Бинршток Ф.И. Государственное регулирование предпринимательской деятельности. Москва, 2003